

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 және 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 қаулыларына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 27 шілде N 1151. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 578 Қаулысымен

Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.06.12.

N 578 *(қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер (сырадан басқа) импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 27 маусымдағы N 1031 Р971031_ қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 263-құжат):

1-тармақтағы "лицензиялау туралы ереже бекітілсін" деген сөздер "лицензиялаудың тәртібі бекітілсін" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Мемлекеттік кеден комитеті" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтың үшінші абзацы алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген, Қазақстан Республикасында этил спирті мен алкогольді өнімдер (сырадан басқа) импортын лицензиялаудың тәртібі туралы ережеде:

мемлекеттік тілдегі мәтіні дұрыс жазылған;

тақырыбындағы "тәртібі туралы ереже" деген сөздер "тәртібі" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Осы Ереже" деген сөздер "Осы Тәртіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Осы Ереженің" деген сөздер "Осы Тәртіптің" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың е) тармақшасы алынып тасталсын;

б - тармақта:

бірінші абзацтағы "тоғыз" деген сөз "алты" деген сөзбен ауыстырылсын; екінші абзацтағы "Лицензия берілген күннен бастап, бір күнтізбелік жылдан

аспайтын мерзімге," деген сөздер "Лицензия берілген күннен бастап, ол берілген күнтізбелік жыл аяқталғанға дейінгі кезеңге" деген сөздермен ауыстырылсын;

7-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Лицензиар этил спирті мен алкогольді өнімдердің (сырадан басқа) оларды Қазақстан Республикасында өндірудің жылдық көлемінің 20% деңгейіндегі импортына лицензиялар беруді жүзеге асырады".

көрсетілген Ережеге 1 және 2-қосымшалардағы "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналысын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) "Қазақстан Республикасында тауарлардың (жұмыстардың, қызмет көрсетулердің) экспорты мен импортын лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 30 маусымдағы N 1037 Р971037_ қаулысына (Қазақстан Республикасы Үкіметінің ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 29, 266-қ ұ ж а т) :

1-тармақтағы "тәртібі туралы ереже" деген сөздер "тәртібі" деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "лицензиялау туралы ереже" деген сөздер "лицензиялаудың тәртібі" деген сөздермен ауыстырылсын;

аталған қаулыға 1-қосымшада:

тақырыбындағы "тәртібі туралы ереже" деген сөздер "тәртібі" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтағы "Осы Ереже" деген сөздер "Осы Тәртіп" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтағы "Осы Ереженің" деген сөздер "Осы Тәртіптің" деген сөздермен ауыстырылсын;

3-тармақтағы "Қазақстан Республикасының Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдар" деген сөздермен ауыстырылсын;

8-тармақтағы "Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына" деген сөздер "Қазақстан Республикасының Заңына" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ережеге 1 және 2-қосымшалардағы "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Лицензияны беретін мемлекеттік органның атауы" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген ережеге 3 және 4-қосымшалардағы "Экономика және сауда министрлігі" деген сөздер "Лицензияны беретін орган" деген сөздермен ауыстырылсын;

көрсетілген қаулыға 5-қосымшадағы:

"Медициналық мақсаттағы радиоактивті сәулелену көзі агенттігі"	284440	Ғылыммині-Ғылым академиясының Атом энергиясы жөніндегі
---	--------	--

деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Сусындарды өндіру кезінде пайдаланылатын хош иісті заттардың негізіндегі өнімдерден басқа, құрамдас спирттік жартылай фабрикаттар	2106 90 200	Мемкірісминінің Алкогольді өнімдердің өндірісі мен айналымын мемлекеттік бақылау жөніндегі комитеті"
---	----------------	--

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап бір айдан кейін күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі